

ПАТША ҮКІМЕТІНІН
ОТАРШЫЛДЫҚ ҚОНЫС
АУДАРТУ САЯСАТЫ

ПИШЕНБАЕВ ДАРХАН

- *ХІХ ғасырдың 60-90-жылдарында жүргізілген әкімшілік реформалар қазақтардың жерін түгелдей мемлекеттің меншігі деп жариялады. Ол реформалар Қазақстанды шаруалар арқылы кең көлемде отарлап алуға берік негіз қалады. Орыс шаруаларын шикі Ресейден қоныс аудару көп жағдайда қазақтарды ежелгі атамекенінен, қонысынан жаппай қуу және ең құнарлы жерлерін күштеп тартып алу арқылы жүзеге асырылды.*

Қазақстандағы патша әкімшілігінің қоныс аудару және жер саясаты




XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақстанға көбінесе Ресейден әскери топ пен казактар ғана қоныс аударып келсе, ғасырдың екінші жартысынан бастап жағдай түбегейлі өзгерді. Ресей шаруаларын қазақ даласына бұрын-соңды болып көрмеген кең көлемде жаппай қоныс аудару ісі мемлекеттік тұрғыда қолға алынды. Мұның бірқатар себептері болды.

Біріншіден, 1861 жылы Ресейде шаруаларды басыбайлы езгіде ұстау жойылды. Шаруалар басыбайлы тәуелділіктен құтылды. Бірақ олар жаппай жерсіз қалды немесе ұлтарактай шағын жерге ғана ие болды.

Екіншіден, Ресей империясы қоныс аударушы шаруалар есебінен қазақ өлкесінің аумағында өзінің сенімді тірегін қалыптастыруды мақсат етті.

Үшіншіден, патша үкіметі орыс шаруаларын жаппай қоныс аудару арқылы қазақтарды егіншілікпен айналысатын отырықшы өмір салтына көшіруді ойлады.

Төртіншіден, патша үкіметінің жергілікті халықты христиан дініне енгізу және орыстандыру жөнінде арам пиғылы да болатын.



10 десятина
(ерлерге) жер
беру,

міндеткерліктің
5 жылға дейін
босату,

*1886 жылғы
дайындалған:
"Түркістан
генерал-
губернаторын
басқару туралы
Ереже" бойынша*

қоныс
аударушыларды
алым-салық

кейінгі жылдары
алымды тек
жартылай төлеу
жеңілдіктері
сақталды.

Шаруалардың жаппай қоныс аудара бастауы

1866 жылы Батыс Сібір бас басқармасы шаруалардың Қазақстан аумағына өз беттерінше қоныс аударуына рұқсат етті. Алғашқы қоныс аударушылар Сібірдің әр түрлі қалаларындағы мешандар және Тобыл губерниясындағы Қорған және Есілокругтарындағы шаруалар болды. Олар Көкшетау округының аумағындағы Саумалкөл деген жерге келіп орналасты. Қоныс аударушылардың бір бөлігі казак станицаларына жайғасты. ХІХ ғасырдың 70-80-жылдарында олар жергілікті қазақтардың жерлерін жалға алып, өз беттерінше орналаса бастады.

Столыпиннің аграрлық реформасы (1906 жыл)

1906 жылы Ресей министрлер кеңесінің төрағасы **П.А.Столыпин** шаруаларды Ресейдің азиялық бөлігіне жаппай қоныс аудару туралы шешім қабылдады. Шаруалар қауымын ыдырату, оларды Қазақстанға қоныс аудару жөніндегі реформа **Столыпиннің аграрлық реформасы** деп аталды.

Негізгі бағыты – қоныс аудару шаруалар қозғалысының кеңінен етек алуын қамтамасыз ету.

Салдары - 1917 жылға қарай жергілікті байырғы халықтың пайдалануындағы 45 млн десятина жер тартып алынды.



Қазақ халқының заңды құқығын мүлде елеспескермеудің бір белгісі қонысаударушы шаруалар санының одан әрі арта түсуі болды. Бұл ретте жергілікті халықтың өкілдерімен алдын ала кеңесу, ақылдасу деген атымен болған жоқ. 1906жылы Ресей Министрлер Кеңесінің төрағасы П.А. Столыпин шаруаларды Ресейдің азиялық бөлігіне жаппай қоныс аудару туралы шешім қабылдады.

**Қазақстанға қоныс аудару жөніндегі реформа
Столыпиннің аграрлық реформасы деп аталды.
Бұл реформаның көздеген негізгі бағыты қоныс
аударушы шаруалар қозғалысының кеңінен етек
алуын қамтамасыз ету болатын.**

Жергілікті халық жағдайының нашарлай түсуі


Ішкі Ресейдегі шаруалардың Қазақстан аумағына қоныс аудару тасқыны мұндағы байырғы халықтың жерін жаппай тартып алуға ұласты.

Отаршылдық саясат келімсек орыс шаруалары мен жергілікті қазақтардың арасында ғана емес, қазақтардың өз араларында да жанжалды даудамайлар тудырды.

Тартып алынған жерлердің ең жоғары мөлшері Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы неғұрлым құнарлы жерлер еді

көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды күйзелтті

Мәселен, қоныс аударып келген шаруалар қорына деп Омбы уезінде бүкіл жердің 52%-ы, Қостанай уезінде - 54%-ы, Ақмола уезінде - 73%-ы тартып алынды.



XIX ғасырдың аяғына қарай жатақтардың қалалар мен казактар поселкелеріне қарай ағылуы күшейді. Осыған байланысты патша үкіметінің жергілікті өкімет билігі Дала генерал-губернаторының алдына оларды бұрынғы тұрғын орындарына қайтару мәселесін қойды.

Күн көру, тіршілік ету және өздерінің жерлерін аман сақтап қалу мақсатымен қазақтар отырықшы өмір салтына көшуге мәжбүр болды.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

